



БҰЙРЫҚ

22.02.2024 м.

Ақтау қаласы

ПРИКАЗ

№ 14-5

город Ақтау

Үкіметтік емес ұйымдар үшін 2024 жылға арналған мемлекеттік гранттың басым бағытының тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 406 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларының 9-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Үкіметтік емес ұйымдар үшін 2024 жылға арналған мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап статист Н. Тоқтамысова бес жұмыс күн ішінде Тізбені Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының (бұдан әрі – Басқарма) интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды Басқарма басшысының орынбасары Х. Тулеушов қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басқарма басшысы

Ә. Балманова